

**«6D010300 –Педагогика және психология» мамандығы бойынша
 философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Есенова Камчат Ауғажықызының
 «Білім беру менеджерлерін дайындау жүйесі (салыстырмалы талдау)»
 тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
 Ресми рецензенттің жазбаша пікірі**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Диссертация тақырыбы ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламалармен байланысты Қазақстан Республикасында Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, «Педагог мәртебесі туралы» заңға, «Педагогтің кәсіби стандарты» басшылыққа алуымен сипатталады.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) <u>Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</u>	К.А. Есенованың диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс 8D013 – Пәндік мамандандырылмаған педагогтарды даярлау және (6D010300 – Педагогика және психология) бағыты бойынша ұсынылған.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертанттың зерттеу барысында алынған ғылыми жетістіктері педагогика ғылымының, соның ішінде салыстырмалы педагогика ғылымының дамуына және бәскегеге қабілетті маман дайындауда елеулі үлес қосып , білім беру менеджерлерін дайындаудың мазмұнын толықтырады. Қазіргі қоғам талаптарына сай білім беру менеджерлерін дайындау

			<p>мәселелерін дамыған елдердегі тәжірибелерді талдау арқылы маман дайындау мәселелерінің елімізде әлі де зерттеуді қажет ететіндігі дәлелденген.</p> <p>Осыған орай шетелдік тәжірибені теориялық талдау арқылы еліміздегі білім беру менеджерлерін дайындаудың маңыздылығы ашылған және болашақ білім менеджерлерін дайындау аясында жүргізілетін зерттеулердің іргелі негізі бола алады.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған 	<p>Орындалған жұмыс дербес, түсінікті өзекті, логикалық құрылымды ұстанған, толық және аяқталған болып табылады. Диссертанттың зерттеу жұмысын өзі жазу деңгейі жоғары. К.А. Есенованың жүргізген жұмыстары оның зерттеу үдерісіне деген ғылыми көзқарасының пайда болуына мүмкіндік береді.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген. 	<p>Диссертация өзектілігінің дәлелі негізделген. Білім беру саласы аса күрделі жүйе, екендігі. Оның маңызды салаларының бірі – білім беру жүйесін басқару екендігін негіздей келе, әлемдік зерттеулер білім сапасын көтерудің басты кепілінің бірі – ғылыми негізде ұйымдастырылып, іске асырылған басқару жүйесінің болуы екені дәлелдеп отыр. Посткеңестік мемлекеттердің бірі, қазіргі таңда Евроодаққа мүше болған, саяси реформаларды тиімді жүзеге асыра білген, соның ішінде білім беру саласын дамытуда да жақсы нәтижелерге қол жеткізген ел – Литва мемлекетінің заңнамалық құжаттары мен білім беру бағдарламаларына салыстырмалы талдау жасалған.</p> <p>Зерттеу жұмысы барысында әзірленген білім беру бағдарламасы болашақта білім беру менеджерлерін дайындауға үлкен үлес қосады.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды 	<p>Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын толық көлемде айқындайды. Білім беру менеджерлерін дайындау жүйесін салыстырмалы талдаудың ғылыми-практикалық, әдіснамалық-теориялық және тәжірибелік-эксперименттік негіздерін қамтиды.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді 	<p>Қойылған мақсат пен міндеттер диссертация тақырыбына толық сәйкес келеді. Зерттеу барысында алынған нәтижелердің негізділігі мен сенімділігін жарияланған мақалалар және авторлық күәлікпен расталған.</p>

		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ 	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық толық байланысқан, тұжырымдамалық біртұтастық пен баяндау логикасы дәлелді, өйткені бөлімдер мен алынған нәтижелер, қорытынды диссертацияда қойылған мақсат пен міндеттерден туындағандығы нақты көрініп тұр.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген. 	<p>Болашақ менеджерлерді дайындау мәселесін зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері; оның қызметтік-үдерістік моделі; тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерін сандық, сапалық және сыни талдау арқылы дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған. Алынған нәтижелерді қорытындылай келе, болашақ менеджерлерді дайындауда төмендегі тұжырымдар жүзеге асырылуы тиістігін нақтылаған:</p> <ul style="list-style-type: none"> – басқару үдерісінде отандық және шетелдік әдебиетте ұсынылған жоғары білім беру саласындағы басқарудың әлемдік тәжірибесін есепке алынуы; – университетте және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде білім беру менеджменті саласында мамандарды көп деңгейлі оқытуды жүзеге асыру керектігі; – шетелдік жоғары оқу орындарымен стратегиялық серіктестік шеңберінде білім беру менеджменті бойынша білім беру бағдарламаларын бірлесіп әзірлеу. <p>Болашақ мектеп директорларының, кем дегенде, білім беруді басқару саласында магистр академиялық дәрежесінің болуын міндеттеу керектігін автор ұсынған қағидаттар дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) 	<p>Қорғауға ұсынылған ғылыми нәтижелер мен қағидаттары толығымен жаңа болып табылады.</p> <p>Білім беру менеджерлерін дайындау жүйесін салыстырмалы талдаудың негізінде білім беру менеджерлерін дайындаудың қызметтік-үдерістік моделі құрастырылған, Қазақстан мен Литвадағы білім беру менеджерлерін дайындау бағдарламаларына салыстырмалы талдау жасалған, «Педагогика. Білім берудегі менеджмент» білім беру бағдарламасы дайындалып, ҚРБЖҒМ Жоғары білім беруді басқарудың ортақ жүйесінде сараптамадан өтіп, білім беру жүйесінде қолданысқа енгізіген; зерттеу нәтижелері негізінде білім беру бағдарламасына авторлық куәлік алынып,</p>

			дәлелденген, жоғары оқу орнының білім беру үдерісінде білім беру менеджерлерін дайындаудың жетілдірген жүйесінің табысты қызмет жасауын қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттары жүйеленіп, жүзеге асырылған.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңаболыптабылады)	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Теориялық-әдіснамалық зерделеудегі негізгі категориялардың құрылымы және мазмұндық сипатының түзілуі бірінші шынайы тұжырымдар қалыптастыруға мүмкіндік берді. Диссертацияның қортындысы осы салада бар білімдерді біріктіруге және кәсіптік оқытудың мәнін түсінудің жоғары деңгейіне жетуге, оны жетілдірудің жалпы ұстанымдары мен шарттарын анықтауға және оның әсерінен білім беру менеджерлерін дайындаудың құрылымдық жағынан өзгеруін нақтылауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері негізінен, педагогика ғылымы саласындағы білім беру менеджерлерін дайындау жүйесін жетілдіру мәселелерін шешуге ықпал етеді.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Автордың ұсынған білім беру менеджерлерін дайындау жүйесінің ғылыми-тәжірибелік негізі жаңа және негізделген болып табылады. Ол зерттеу жұмысы барысындағы тұжырымдар, авторлық күәлік және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерімен, ғылыми жарияланымдармен расталынған.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертациялық зерттеудің қорытындылары дәлелдемелерде ғылыми-тәжірибелік деңгейде негізделген және салыстырмалы талдау параметрлерін анықтау арқылы және білім беру бағдарламасының қолданысқа енгізілуі арқылы нақтылығы расталған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді;	7.1. «Білім беру менеджменті», «білім беру менеджері» ұғымдарына өзіндік анықтама берілген, құрастырылған модель болашақ білім беру менеджерлерін дайындауда белгіленген мақсат пен оларды басқару құзыреттілігін қалыптастыруды жүзеге асыратын нәтижені көрсететіндігі дәлелденген, 7.2. тривиалды емес , 7.3 қолданыстағы 7М01105-Педагогика. Білім берудегі менеджмент

		<p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>білім беру бағдарламасы ҚРБЖҒМ Жоғары білім беруді басқарудың ортақ жүйесінде сараптамадан өткізіліп, қолданысқа енгізілген.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: болашақ білім беру менеджерлерін дайындауда қолданылу аясы кең.</p> <p>Білім беру менеджерлерін дайындау жүйесін жетілдіруге қажет ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттардың тиімділігі дәлелденген.</p> <p>7.5 Зерттеу нәтижелері автордың 10 жарияланымында көрініс тапқан. Scopus базасы тізіміндегі журналдарда – 3 (51 процентиль бір мақала.). ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда – 3, шет елдік халықаралық конференция материалдарында – 3. Оқу- құрал – 1 жарияланып дәлелденген.</p>
8.	<p>Дәйектілік принципі</p> <p>Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Зерттеу мәселесінің теориялық-әдіснамалық негіздері зерттеу барысында әлеуеттері толық пайдаланылған әдіснамалық тұғырлар мен ұстанымдардың (тұғырлар: аксиологиялық, мәденитанымдық, жүйелілік, құзыреттілік) жиынтығы болып табылады.</p> <p>Зерттеудің мақсатын, болжамын мен міндеттерін шешу үшін теориялық және эмпирикалық әдістердің кешені диссертантпен анықталған. Теориялық әдістер (философиялық, психологиялық және педагогикалық ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау, озық іс-тәжірибелерді жинақтау, қорытындылау, салыстыру, жіктеу, нақтылау, нәтижелерді жобалау, модельдеу); эмпирикалық әдістер (сауалнама жүргізу, байқау); салыстырмалы талдау арқылы білім беру менеджерлерін дайындау жүйесінің заңнамалық базасы мен нормативті құжаттарды талдау; құрылымы және білім беру бағдарламаларын; білім беру бағдарламаларындағы пәндер мазмұны; оқыту үдерісін ұйымдастыру ерекшеліктерін талдау сияқты салыстырмалы зерттеу параметрлеріне негізделген.</p> <p><i>Дерек көздерін талдау арқылы заңнамалық құжаттарды, мерзімді баспасөз материалдарын, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді теориялық талдау, сондай-ақ ғаламдық Интернет желісінде жарияланған материалдарды зерделеген және өңделген.</i></p> <p><i>Үлгілеу әдісі барысында білім беру менеджерлерін дайындаудың</i></p>

			электронды және басқа да дереккөздердің жеткілікті тізімін ұсынады.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияның теориялық маңыздылығы бар. Атап айтсақ: - «Білім беру менеджменті», «білім беру менеджері» ұғымдарына өзіндік анықтама берілген; - білім беру менеджерлерін дайындау жүйелерін салыстыру параметрлері анықталған; - білім беру менеджерлерін дайындаудың қызметтік-үдерістік моделі жасалып, өлшемдері, көрсеткіштері, деңгейлері анықталған
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: Тәжірибелік-педагогикалық жұмыс барысында жоғары білім беру ортасында менеджерді кәсіби дайындаудың тиімділігін арттыру: Қазақстанның білім беру менеджерлерін дайындау жүйесін жетілдіруде; білім берудегі менеджмент мамандығы бойынша элективті арнайы курстар мен жеке дәрістер әзірлеуде; білім алушылардың білім берудегі менеджмент және салыстырмалы педагогика салалары бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындауда маңызды.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңаболыптабылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңаболыптабылады)	Зерттеу жұмысы аясындағы практикалық ұсыныстар толығымен жаңа: – магистратура деңгейінде «7М01105 – Педагогика. Білім берудегі менеджмент» оқу бағдарламасы құрастырылып, қолданысқа енгізілген. Зерттеу жұмысы аясындағы практикалық ұсыныс ретінде: - бакалавриат пен магистратура деңгейлеріндегі білім беру менеджерлерін дайындаудың мазмұнының сабақтастығы пәнаралық деңгейде көрсетілгені тиімді болар еді.

10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары . Диссертацияның тілі мен стилі талаптарға сәйкес келеді. Диссертация мазмұнындағы негізгі ұғымдар, анықтамалар мен терминдер жүйесі жеткілікті түрде ұсынылған. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес келеді.
-----	---------------------------	--	---

Шешімі: Жоғарыла айтылғандарды тұжырымдай отырып, Есенова Камчат Ауғажықызының «Білім беру менеджерлерін дайындау жүйесі (салыстырмалы талдау)» атты тақырыбындағы диссертациясы ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы бар, орындалуы жағынан ҚР БҒМ Білім және ғылым сапасын қамтамасыз ету комитетінің талаптарын сай, «Дәрежелер беру қағидаларында» көрсетілген талаптарға толығымен сәйкес келетін, академиялық жазу сапасы жоғары және терең дайындық нәтижелерін құраған аяқталған жұмыс деп есептеймін. Сол себепті, докторант Есенова Камчат Ауғажықызына «6D010300 – Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайықты.

1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;

Ресми рецензент,
 Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің
 аға оқытушысы, философия докторы (PhD)



А. Жунусбекова

